



№71 (9958)
9 қыркүйек
сенбі
2023 жыл
Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жауапкершілік



Жолдауды жүзеге асыру – ортақ міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын бүкіл халық болып талқылауда. Өйткені дәстүрлі түрде жыл сайын жаңа оқу жылының басында, «Білім күні» мерекесінде жолданатын Президент Жолдауынан халықтың күтері көп. Себебі бұл – еліміздің келешектегі дамуы мен өркендеуі жолындағы стратегиялық мақсат-міндеттерін айқындайтын саяси маңызы бар құжат.

Иә, Президент Жолдауда айтылған реформаларды орындауға 3 жыл ғана уақыт беретінін баса айтты. Жолдауда жаңа экономикалық модельге көшуді көздеп отырған еліміздің ішкі және сыртқы саяси жағдайы, еңбек нарығы, білім және ғылым саласындағы үздіксіз үрдіс, ресурстар үшін жүргізіліп жатқан талас-тартыс, климаттың өзгеруі мен азық-түлік қауіпсіздігі, қауіпсіз орта құру, денсаулық сақтау, демографиялық орнықты даму сынды мәселелерге баса назар аударылды. Сондықтан Жолдаудағы мақсат-міндеттерді толық орындау баршамыздың азаматтық парызымыз болып табылады.

Осы орайда ҚР Премьер-министрі Елхан Смаиловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» Жолдауында жүктелген тапсырмаларды орындау мәселесі қаралып, Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлданды.

Сондай-ақ жиыннан соң облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкімет басшысының тапсырмаларын орындау жөнінде мәжіліс өткізіп, Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының өңірде тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін өңірлік іс-шаралар жоспарын қабылдау қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттер бойынша аудан әкімі Асқарбек Есжанов та Үкімет басшысының

және облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес бірқатар мәселелерге тоқталды.

– Президент Үкіметке, салалық министрліктерге, әкімдерге ел экономикасын серпінді дамыту бойынша нақты міндеттер жүктеп, оң нәтижеге қол жеткізуді тапсырды. Облыс әкімінің қатысуымен өткен мәжілісте де Жолдаудан туындайтын міндеттер мен іске асырылуы тиіс жобалар арнайы талқыланды. Ендігі кезекте біз Жолдауда айтылған барлық бағдар бойынша нақты шаралар қабылдап, сапалы іске асыруға тиіспіз. Президент реформаларын іске асыруда ауданымыз ағаттық танытауы керек деп есептеймін. Бұл бағытта аудандық мәслихат депутаттары Жолдауды насихаттау, тұрғындар арасында түсіндіру мақсатында тиісті жұмыстарды жүргізу керек, – деді аудан әкімі.

Бұл бағытта ауданда жүзеге асырылып жатқан жұмыстарды әрі қарай жандандыру мақсатында тиісті шараларды қабылдап, сала бойынша жауапты орынбасарларға Жолдауда айтылған тапсырмаларды үйлестірді және қатаң бақылауға алуды тапсырды.

Саяси құжатта Ел Президенті қазіргі ең басты міндет еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамызды өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жеткізу, сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән берімізді қажет екенін атап өтті.



– Ендігі кезекте ауданның экономикасын әртараптандыру бағытында жаңа өндіріс орындарын ашу үшін ауданда іске асырылатын жобалар тізімін жасақтап, тиімді тұстарын зерделеп, аудан кәсіпкерлеріне ұсыныңыздар. Қажет болса, сырттан жаңа инвесторлар тарту керек, – деді Асқарбек Темірбеқұлы.

Аудандағы өнім өндірушілер базасын жасақтап, өндірілген өнімді насихаттау, ақпараттандыру жұмыстарын кеңінен ұйымдастыру, отандық өнім өндіруші кәсіпкерлерді қолдау мақсатында тапсырыс берушілермен өртеік келісімшарттар жасау үлесін арттыру бағытында тиісті жұмысты үйлестіру сала бойынша жауапты аудан әкімінің орынбасары Арнұр Әлібеқұлына тапсырылды. Ал аудан бойынша республикалық және жергілікті маңызы бар ескерткіштердің қазіргі жай-күйіне сараптама жасап, оқушылар мен жастар, тарихшылардан құралған туристік-экскурсияларды ұйымдастыру, жергілікті бизнес өкілдерін тарта отырып, еліміздің маңызды жерлеріне, ұлттық саябақтар мен қорықтарға аз қамтамасыз етілген отбасы мүшелеріне арналған туристік саяхат ұйымдастырудың мүмкіндіктерін қарастыру сала бойынша жауапты аудан әкімінің орынбасары Ғани Кенжеғараұлына жүктелді.

Жолдауда агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасап, ауыл шаруашылығы саласының әлеуетін толық пайдалану қажет екенін айтқан аудан әкімі үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім бүлін 70 пайызға жеткізу міндеттелгенін, бұл бағытта салық саясаты қайта қаралатынын айтты. Сала бойынша жауапты аудан әкімінің орынбасары Әліби Қодарұлы ендігі кезекте агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін арттыруға бағытталған жобаларды жеке бақылауға алып, сүйемелдеу шараларын үйлестіретін болады.

Президент Жолдауда «Аманат» партиясының «Қарыссыз қоғам» жобасын

ерекше атап өтіп, бұл жобаның игілігін ел көруі қажет екеніне тоқталды. Осы ретте «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Шоңмұрыңқызы аудан тұрғындарына аталған жобаны түсіндіру жұмыстарын жан-жақты жүргізетін болады.

Жолдауда жас ұрпақтың қауіпсіздігіне аса мән берілуі керектігі және көмелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаның күшейтілетіні айтылды. Осы орайда аудан бойынша білім бөлімінің басшысы Талғат Құрақбайұлына және полиция бөлімінің басшысы Талғат Шоқанұлына көмелетке толмағандар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, болдырмау мақсатында барлық білім беру ұйымдарында ата-аналар, ұстаздар, оқушылар, студенттермен кездесулер ұйымдастыру қажеттігі айтылды. Аудан аумағындағы вандализм, төртпілдік мәселесінің алдын алу, болдырмау бағытында төртпіл сақшылары үздіксіз күшейтілген режимде жұмыс жасау керектігін ескертті.

Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге көтеріледі. Осы мақсатта аудан бойынша жұмыссыздық деңгейін түсіру бағытындағы жұмыстарды жандандырып, тиісті облыстық басқармалармен бірлесіп, жүйелі жұмыс жасалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен қоғамдық сана мен елге деген көзқарастың жағымды жағынан өзгеруінің түп негізі ұлттық тәрбие мен құндылықтарда екені белгілі. Сондықтан жалағаштықтар Президент Жолдауында айтылған мәселелерді жүзеге асыруды күн тәртібінен түсірмей, белсенді жұмыс істейді.

Жандос ЖАЗКЕН



Пікір



Жолдау жемісті жобаларға жол ашады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Мемлекет басшысы ең алдымен былтырдан бері жүргізілген ауқымды саяси реформаларға тоқталып, елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орныққанын, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, әділдік пен заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өтті.

Сонымен қатар Президент нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалуға болмайтынына назар аударып, осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы Жолдауда өңдеуші және тау-кен өнеркәсібі, қорғаныс-өнеркәсіп кешені, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, қаржы, IT және цифрландыру, су ресурстары, креативті индустрияны дамыту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау жөнінде Үкіметке нақты міндеттер жүктетті. Сондай-ақ мемлекеттік экономикаға ықпалын азайтуға, экономиканы монополиядан арылтуға, макроэкономикалық саясатты қайта қарауға, салық, бюджет саясатын және өкімшілік басқару жүйесін реформалауға қатысты бірқатар маңызды бастама көтерді.

«Қазақстан – біздің жалғыз ғана Отанымыз. Оның іргесі берік, көрегесі кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұланғайыр жерді қорғау, оны өркендету – біздің перзенттік парызымыз» деді Мемлекет басшысы.

Жемісті еңбек етіп, Жолдауда жүктелген мақсат-міндеттердің орындалуына үлес қосу – ортақ міндетіміз. Айқын мақсат пен мазмұнды жобаларды жүзеге асыруға атсалысайық.

Иә, саяси құжаттағы мақсат-міндеттер нақты бір мерзім ішінде жүзеге асуы тиіс. Ел Президенті айтқандай, алдағы 3 жылда тапсырмалар өз деңгейінде жүзеге асса, мемлекеттің келешегі кемел болары анық. Ал оны жүзеге асыру тек жауапты азаматтардың, тиісті органдардың ғана қолында тұрған шаруа емес, сөз басында айтқандай, алдағы мақсат-міндеттердің орындалуына баршамыз жауаптымыз.

Ерлан БОРАНБАЕВ,
аудандық мәслихат депутаты

Егінжай – 2023

Күрішке орақ түскен күн

Күз кіргелі жергілікті шаруашылықтар егінге орақ салуды бастап кетті. Негізгі алажаздай атыз басында тер төккен диқандардың да асыға күтетін шағы осы. Ауыл еңбеккерлерінің қырманды астыққа толтыруға білек сыбана кірісетін шағында техникаға сай болмаса тағы қиын. Бірақ жергілікті шаруашылықтар мұндай кедергілердің бәрінен өтті. Аудандағы шаруашылықтар техникалық базасын сайлап, заманауи үлгідегі көліктермен шаруаны ширатып жатыр. Кеше де егіс басындағы қайнаған жұмыстың куәсі болдық.

Жалағашта «AB AGRO ORDA» деген серіктестік бар. Бұрын шаруашылығы саласын жыл сайын толағай табыспен қорытындылайтын ондағы еңбек ұжымы биыл да мол өніммен үмітті. Жыл сайын күрделенген аяқ су мәселесін ауыл еңбеккерлерінің қалай еңсергені өзінше беймәлім. Бірақ алқаптағы Сыр салысының шығымы олардың алажаздай күріштің күтіміне ерекше көңіл бөлгенін аңғартып тұр.

Күні көше шаруашылық ұжымы егінге орақ салды. Ауыл ақсақалдарынан бата алып, межелі өнімге қол жеткізуді көздеген дала дарабоздары айдың аяғына дейін күзгі науқанды қорытындылауға бел буып отыр.

– Бүгін аудандағы іргелі шаруашылықтың егінге орақ салу рәсіміне қатысып отырмыз. Бұған дейін де саладағы жетістігімен мұндағы еңбек ұжымы бізге етене таныс. Биыл да алқаптағы күріштің шығымына қарап, жаз бойы ауыл азаматтарының тынымсыз еңбек еткенін аңғару қиын емес. Ендігі мақсат – осы астықты шашпай-текпей қамбаға құйып алу. Жаздай диқандар күріштің күтімін жасаса, ендігі міндет механизаторларда. Олар да озық үлгідегі техникалармен егінді жинауға сақадай сай тұр. Ел ырысы ортаймасын.

Қамбаларыңыз дөңге толсын. Бұрыннан ауыл шаруашылығы саласында аты озған Ақсу ауылы биыл да саланы толайым табыспен қорытындылайтын сыңайлы. Еңбекте озат болыңыздар. Шаруашылықтың өрісі кеңейіңіз, тек толайым табыста болыңыздар, – деді сала ардагері Жанұзақ Оспанов.

Айта көтейік, былтыр аталған серіктестік ұжымы мың гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Мұнан бөлек 50 гектар жонышқасы тағы бар. Өткен жылғы аяқ су мәселесіне қарамастан диқандар күріштің өр гектарынан 60 центнерден орташа өнім жиыпты. Шаруашылық директоры Қанат Ниятқұлов биыл да Сыр салысының шығымы жоғары екенін айтады. Соған қарап алдағы уақытта межеден жоғары өнім алуды жоспарлап отыр.

– Былтыр күріштің шығымы жоғары болды, биыл да бөтен емес. Алдағы уақытта межеден жоғары астық алуға бел буып отырмыз. Шаруашылықта техникадан мәселе жоқ. Құрылтайшымыз Абай Боранқұлов мұндағы еңбек ұжымының шаруасын ширатуға бар жағдайды жасап отыр. Тек еңбек ету керек, қолдауға сай дала дарабоздарының жұмысында да екіл бар. Оған өздеріңіз көріп отырған алқаптағы күріштің шығымы дө-

лел. Осы айдың соңына дейін күзгі науқанды қорытындылауды жоспарлап отырмыз. Оған себеп те жоқ емес. Жаз бойы барлық жауапкершілік диқандарға артылса, ендігі міндет механизаторларда. Олардың астындағы барлық техника озық үлгіде. Сондықтан бұйырса, егінді уақытында жинап аламыз, – дейді Қанат Ниятқұлов.

Расында шаруашылық алқабынан көне көлік көзге түспеді. Барлығының астында заманауи әрі озық үлгідегі техникалар. Биылдың өзінде серіктестіктің техникалық базасы 2 комбайн, 1 мақдон және 2 МТЗ трактормен толыққан. Жергілікті шаруашылықтар ауыл шаруашылығы техникаларын жеңілдетілген несиелен сатып алса, серіктестік мұның бәрін 1 жылда өз қаражатына сатып алған. Осыдан-ақ шаруашылықтың шаруасы ширатқанын аңғару қиын емес.

Биыл Ақсудағы іргелі шаруашылық 800 гектар алқапқа күріш еккен. Сурыптың сұрасаңыз, «Лидер» тұқымы. Күріштің бұл түрі салмақты болғандықтан жергілікті шаруашылықтардың басым бөлігі осыған басымдық берген.

Иә, былтырғыға қарағанда шаруашылықтың күріш көлемі қысқарған.

Алайда жоңышқа алқабы кеңейіпті. Құрылтайшының осы ретте суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық бергенін қос қолдап қолдаймыз. Мың гектар күріш егіп одан аз өнім алған дұрыс па, әлде күріш көлемін қысқартып, сапалы өрі мол өнім алған ұңғайлы ма? Абай Боранқұловтың осы сауалға айтарлықтай бас қатырғаны анық. Десе де нәтижесін көріп отыр. Алқаптағы күріштің шығымы бітік. Одан серіктестіктің ұтылмасы айтпаса да түсінікті.

Биыл шаруашылықтың 200 гектар алқабында жоңышқа жақталды. Ауыл азаматтарына арзан сатылып, артылғаны басқа да өңірлерге өз бағасына ұсынылған. Мал азығына сұраныстың жоғары болғанын көре тұра серіктестік басшысы бірінші кезекте ауылға көңіл бөліпті.

Диқан Сәрсенбек Байғанаев бірнеше жылдан бері осы серіктестікте күріш егіп келеді. Әр жылды табыспен қорытындылаған даңғайыр диқандардың ізбасары биыл да күріштің күтіміне ерекше көңіл бөлген. Алдағы уақытта басшылықтың жалақыдан бөлек беретін сыйақысынан үмітті дала дарабозының бірі де бірегейі осы кісі.

– Былтыр өнім жаман болған жоқ,



биыл да күтімі келісті күріштің басы күн сүйіп тұр. Бүгін бастап орақ салып жатырмыз. Алдағы уақытта межелі өнімге қол жеткіземіз деп жоспарлап отырмыз. Қамбаны астыққа толтыруда ешқайсымыз қарап қалмаймыз. Себебі шаруаны ширатуға басшылық бар жағдайды жасап отыр. Алдағы уақытта айлықтан бөлек қосымша сыйақы алуға барымды салдым, – дейді диқан.

Бүгінде серіктестік 60 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ауылдағы түрлі шараларға бабалардың кедергісіз білім алуына, олардың жазғы демалысына, қайырымдылық шараларына да демеушілік жасап жатқан серіктестіктің бүгінде екінші тынысы ашылғандай.

Кенжетай БАЛҒАБАЙ

Конференция



Қайраткер өмірі өскелең ұрпаққа өнеге

Кеше мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Қазантаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында танымдық конференция өтті. Қайраткердің өз атындағы мәдениет үйінде өткен тағылымды шараның аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, өз дәуірінің тамырын дөп баса білген, терең, тұңғық, өте күрделі жұмбақ тұлғаның тарихына тоқталды.

— Мемлекет және қоғам қайраткері, соғыс және еңбек ардагері Қонысбек Төрешұлы Қазантаев еңбегімен өзіне өзі ескерткіш соғып көткен адам десек, қателеспейміз. Ең жоғары мәртебелі өмірші, әділ төреші — тарих, уақыт Қонысбек Төрешұлын осылай бағалап, осылай құрметтеген. Қонысбек Төрешұлы Қазантаевтың 100 жылдығына байланысты өтіп жатқан бұл шараның тәрбиелік маңызы зор. Себебі еңбектің қадірін біле қоймайтын мына заманда еңбектің өміршісіне айналған, пірі болған Қонысбек Төрешұлының өмірі мен қызметі — кейінгі толқын жастарға үлгі, өнеге, — деді аудан әкімі.

Танымдық конференцияны аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Тұрымбетұлы жүргізіп отырды. Халықтың қарапайым ұлы, білікті басшы, мемлекет және қоғам қайраткері Қонысбек Төрешұлының рухына тағзым ету, елеулі еңбегін насихаттау негізгі мақсат екенін айтып Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиұлы тұлғаның үлгілі істерін, басқарушылық, іскерлік қабілеттерін бойына сіңіріп, құрметтейтінін жеткізді.

Өз еңбеге жолында талай маманды жұмыс жасауға үйретіп, еңбек сүйіш бұын қалыптастырып, ел үшін еңбек ететін кадрлар өсірген Қонысбек Төрешұлына арнап Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосынов «Қазантаев мектебі» кітабын жазды. Шыңғыс Дәуренбекұлы өз кезегінде 10 жыл білікті басшымен жұмыс жасау бақыты бұйырғанын, тарихта халықтың жүрегінен орын алған азаматтың өмір жолы ұрпаққа өнегелі мектеп

болып сақталатынын айтты. 100 жылдық мерейтой қарсаңында өзінің авторлық шығармашылығымен жазған «Қонысбек Қазантаевтың кеңестігі» атты еңбегі жарық көрмек.

Сондай-ақ асыл азаматтың ұрпағы Фанибек Қонысбекұлы мерейтой аясында ұйымдастырылған танымдық конференцияда Жалағаш жұртының қашанда орны ерекше екенін, елде еңбек еткен азаматтарға құрметтінің жоғары екенін жеткізді. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен аудан әкімі Асқарбек Есжановқа өз алғысын білдірді.

Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінің әке атымен аталуы, бүгінгі жиында айтылған естеліктер, 100 жылдық тарихтың қайта жаңғырып жасарғаны, Қонысбектей тұлғаның Жалағаш өңіріндегі дара жолының өшпейтінінің дәлелі болып қалары сөзсіз. Аталған жиында арнайы шақырылған құрметті қонақтармен қатар, Жалағаш ауданының құрметті азаматтары, аудан ардагерлері облыстық мәслихат депутаттары, аудан әкімінің орынбасарлары, сала басшылары және аудан тұрғындары қатысты. Конференцияда «Қазантаев мектебінен» өткен ер саланың ардагерлері де қайраткер жайында естеліктерімен бөлісті.

Иә, уақыт озған сайын еліне елеулі еңбек еткен қайраткердің есімі халық жадында жаңғыра береді және ұрпақтан-ұрпаққа тағылымы жетіп, адами болмысы айықталса түседі. Басшылық біліктілігімен, терең білімімен, пайым-парасатымен, сәулелі сөзімен, жарқын

ісімен, ұлағатты ұстанымымен, өнегелі өмірімен, ел ісіне жұмсаған қажыр-қайратымен Жалағаш жұртының есінде қалған осындай тұлғалардың бірі де бірегейі — Қонысбек Қазантаев.

Ол 1923 жылы Қызылорда облысы Қармақты ауданында дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы педагогикалық училищенен білім алады. Одан соң партия мектебін бітірді.

Өткен ғасырдың 60 жылдарының басында Қызылорда облысында күрші алқаттарын игеру ісі қолға алынды. 100 деген мың гектар жер инженерлік жүйеге келтірілді. Шаруашылық орталықтар салынып, жаңа инфрақұрылымдар іске қосыла бастады. Қонысбек Төрешұлы сол жылдары, нақтырақ айтсақ, 1963 жылы Сырдария өндірістік басқармасы партия комитетінің хатшысы болып сайланды.

Хатшының біліктілігі мен талабының және еңбекқорлығының нәтижесінде сол кездегі экономикасы төмен Сырдария ауданы аз уақыт ішінде адам танымастай өзгерген. Мал басы өсіп, өріс көңді. Егіс көлемі ұлғайып, өнім молайды. Сонымен бірге шаруашылықтың басқа да салалары жанданды. Әсіресе ауыл шаруашылығы, құрылыс жұмыстары қарқынды жүрді. Нәтижесінде аудан және кеңсарларда жаңа мектептер, мәдени ошақтар және әлеуметтік, тұрмыстық, өндірістік нысан-дар бой көтеріп, көптің көрі кіріп, ауылдардың ажары ашылды.

Қонысбек Төрешұлы 1975 жылдан 1985 жылға дейін Жалағаш аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып қызмет атқарды. Бұл жылдарда өзінің

басшылық қызметтегі қарым-қабілетін, тәжірибесін іспен дәлелдеп көрсетті. Елдік мүддені көздеген тың идеяларын жүзеге асырды.

Ол Жалағаш ауданына басшылық жасаған 10 жыл ішінде ауданымыз әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыды. Мал шаруашылығы ілгеріледі. Ет, сүт өнімдерін өндіруде үлкен табысқа қол жеткізді. Сондай-ақ күрші көлемі ұлғайып, бау-бақша өнімдерін өндірудің мейжесі артты. Атап айтсақ, Жалағаш ауданы бойынша 1975 жылы 17 мың гектар алқапқа күрші егіліп, әр гектардан 48,3 центнер өнім жиналса, 1985 жылы күрші егісін 17 944 гектарға жеткізіп, әр гектардан 52,2 центнерден өнім алып, мемлекет қамбасына 845 120 центнер астық құйылды.

Оның өмірлік ұстанымы адалдық, тазалық, әділдік болды. Басшылық қызметте де өзінің тәжірибесі мен білім, білгір, іскерлігінен бөлек көз келген сәтте туындаған қоғамдық мәселені сол саланың маманы секілді жіліктеп, жан-жақты әрі терең талдап, сараптап түбегейлі шешім табуға тырысты. Өзіне де, өзгеге де қатан талап қойып, күнделікті жұмыс уақытын тәртіп шеңберінде ұстады. Кемшіктерге жол бермеу үшін нақты тапсырмалар беріп, оны қатан қадағалады.

Мәселен күннің ыстығына қарамастан егіс басын жаяу аралап, егістің шығымын көрді. Қыстың аязына қарамастан шалғайдағы Қызылқұм, Қарақұмды күні-түні аралап, ондағы малшылардың жағдайымен танысты. Мал шаруашылығының мән-жайына қанықты. Елдік істерде батыл қадамға барды. Соның нәтижесінде Қазантаев мектебі деген үлкен мектеп қалыптасқан. Қайраткердің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа үлгі болары анық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Тіл мәртебесі – ел мәртебесі

1989 жылы 22 қыркүйекте Қазақстанда «Тілдер туралы» заң қабылданып, Қазақ КСР-ның мемлекеттік тілі – қазақ тілі, ал орыс тілі – ұлтаралық тіл деп бекітілді. Кейінгі өзгертулермен 2017 жылдан бастап 5 қыркүйек Қазақстан халқының тілдері күні болып бекітіп, сол уақыттан бастап тілдер мерекесі тойланды. Себебі сол күні тіл білімінің атасы, ұлт ұстазы болған Ахмет Байтұрсынұлы дүниесінен ашқан. Мерекенің сол күнге ауысуы ұлт зиялысының еңбегіне жасалған құрметтің бір белгісі деп білеміз.

Қазақстан халқының тілдері мерекесіне және ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай облыс орталығындағы «Достық» үйінде «Тіл – татулық тірегі» атты фестиваль өтті. Бұл фестиваль дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылады. Басты мақсат – рухани бірлікті қалыптастырып, егемен елімізде мекен етіп жатқан түрлі этностардың тілдеріне деген құрметті нығайту.

Облыстық фестиваль алаш арысы жайлы мазмұндық бейнероликпен басталды. Шарда облыс әкімі аппаратының басшысы Ш.Байманов мерекеге жиналған жұртты құттықтап, сала бойынша облыста атқарылған бірқатар жұмыстарға тоқталды. Мемлекеттік тілді дамытуда белсенділік танытқан облыс тұрғындарына, қазақ тілінде сапалы қызмет көрсеткен үздіктерге «Үздік этномәдени бірлестік», «Тіл жанашыры», «Үздік қазақтілді кәсіпкерлік нысан», «Үздік қазақтілді қаржылық ұйым», «Үздік қазақтілді аз мөзірі», «Үздік қазақтілді кәсіпкер», «Үздік қазақтілді нотариус» номинацияларын тапсырды. Жалағаш аудандық ауруханасы Жұқпалы аурулар бөлімшесінің медбикесі, украин анос өкілі Бондаренко Виолетта облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Иә, ауданда қазақ тілінің жанашыры болып жүрген өзге ұлт өкілдері де жетерлік. «Ғылыми, әдеби тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі – түркі тілдерінің ішінде өте әсем, өте бай тілдердің бірі» деп неміс ұлтының өкілі, шығыстанушы Йоханнес Бендиген те қазақ тіліне деген өз махаббатын жеткізген. Осындай бай, іргелі жұрт тілі болған қазақ тілі – Қазақстанның болашағы.

«Біріншіден, мемлекеттік қызметке, оның ішінде халықпен тығыз жұмыс істейтін лауазымға тағайындау кезінде кәсіби біліктілігіне қоса, қазақ тілін жақсы білетін азаматтарға басымдық беру керек. Екіншіден, біз қазақ тілін жақсы білетін өзге ұлт өкілдерін қолдауымыз керек. Оларды Парламентке, өкілетті органдарға сайлап, мемлекеттік қызмет жүйесіндегі жоғары лауазымдарға тағайындап, мемлекеттік наградалармен марапаттап отырғанымыз дұрыс. Үшіншіден, қазақ тілін қолдану барысында фонетикалық және орфографиялық қателер жіберіп алатын отандастарымызға түсіністікпен қарап, толеранттылық танытуымыз керек. Мұндай азаматтар жастар арасында да аз емес. Олардың талпынысын мазак етпей, қайта қолдай түскеніміз жөн» деп Мемлекет басшысы да қазақ тілінің ел болашағындағы орнына ерекше тоқталған болатын.

Тілдер мерекесі аясында аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен де бірнеше шаралар өтті, жастар арасында тілге деген құрметті көтеруге ықпал жасады. Солардың бірі «Мәңгілік ел – мәңгілік тіл» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің басты мақсаты ұлттық сана сезімі мол Отаның ана тілін сүйетін ұрпақты тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің мәртебесін кеңінен насихаттау болды.

«Болашағымызды баянды етер басты қаруымыз – тіліміз. «Адамға екі нәрсе тірек, теңі, бірі – тіл, бірі – ділің жүрегің» деп Жүсіп Баласағұн бабамыз айтқандай, кез келген мемлекеттің, елдің өз негізгі рөмізі де, ұраны да, тірегі де сол елдің ана тілі болмақ, — дейді аудандық кітапхана өкілдері.

Тілдер мерекесіне орай ұлттық сана сезімі мол Отаның ана тілін сүйетін ұрпақты тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің мәртебесін кеңінен насихаттау мақсатында аудан кітапханасы «Тіл – халық мұрасы» атты мектеп аралық білімгері сайысын да өткізді. Білімгерлер сайысы өте тартысты деңгейде өтіп, жеңімпаздар жүлделі орындармен және алғыс хаттармен марапатталды. Жеңімпаз атанып, жүлделі I орынмен әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің «Ділмарлар» тобы марапатталды.

Аудан кітапханасы тіл мерекесіне арнап, тек бұл шаралармен тоқтатпай, тіл мәртебесін көтеру мақсатында әлеуметтік желілерде де белсенділік танытып, барлық Қазақстандықты «Мемлекеттік тіл – этносаралық қатынас тілі» идеясының айналасына топтастыру, азаматтардың, оның ішінде өскелең ұрпақтың санасында қазақ тіліне деген құрмет пен қызығушылықты арттыру мақсатында аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен тілдер күніне «Менің таңдауым – қазақ тілі» атты онлайн челленджді халық назарына «Facebook» әлеуметтік желісі арқылы ұсынды. Челлендж жақсы деңгейде өтіп, аудан қызметкерлерімен қатар жасөспірімдер де, аудан жастары да белсене қатысты.

«Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерің, қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сақтап отыратын қазына» деп Жүсіпбек Аймауытов секілді алаш зиялылары да тіл тазалығы үшін күресіп, ана тіліміздің сақталуы үшін барын берген. Сол атадан балаға мұра ретінде келе жатқан ұлттық тілімізді дәріптеп, Қазақстанның даму болашағы тілімізде екенін ұмытпайық.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Кеңесте келелі мәселелер қаралды

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен ведомстваралық комиссия отырысының хаттамалық тапсырмасына және аудандық мәслихаттың жұмыс жоспарына сәйкес аудандағы маңызды мәселелерді талқылау мақсатында мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтті. Оған депутаттар мен аудан әкімінің орынбасары Ғани Сұлaimенов, аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеров және аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ләззат Карипова, сонымен қатар кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.



Аудандық мәслихат тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында екі мәселе қаралды. Алдымен аудан аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмыстарының жайы туралы полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеров баяндама жасады. Медициналық қызмет көрсету жайына аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ләззат Карипова кеңінен тоқталды.

Отырыста Талғат Шоқанұлы биыл 7 айда ауданда атқарылған кешенді жұмыстарға, қылмыстар мен құқық бұзушылықтар көлеміне тоқталып өтті.

— Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында аудандық полиция бөлімінің 7 айда атқарған кешенді жұмыстарының нәтижесінде жалпы қылмыстардың тіркелуі өткен жылмен салыстырғанда 4,1 пайызға, яғни 74-тен 71-ге төмендеді, қылмыстардың ашылу көрсеткіші бытырғымен салыстырғанда 72,6 пайыздан 81,8 пайызға жоғарылады. Жергілікті полиция қызметімен 7 айда 2357 өкімшілік-құқық бұзушылық анықталып, өткен жылмен салыстырғанда 31,3 пайызға артаң. Сонымен қатар ЖПҚБ-ның уәкілетті полиция инспекторларымен 1687 өкімшілік құқық бұзушылық анықталды, бытырғымен салыстырғанда 40 пайызға өсім бар, — деді Талғат Шоқанұлы.

Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында 7 айда әлеуметтік желілерде 27 мақала жарияланып, жол қауіпсіздігіне байланысты билборд аудандық полиция алдына ілінген. Сонымен бірге құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында бірнеше рет жедел профилактикалық іс-шара өткізілген. Бұл іс-шаралар мен билбордтардың халық қауіпсіздігінде,

құқық бұзушылықтарды азайтуда, көлік жүргізу ережелерін жақсартуда үлкен көмегі тигенін айтып өтті. Бұл жайында қағаздағы көрсеткіштерден белгілі бір өзгерістермен таныстық, қылмыстардың азайғанын қуантарлық жағдай. Ал аудан халқының бұған көзқарасы қандай, халық айтса, қалып айтпайды, қоғамдағы қауіпсіздікте құқық бұзушылықтардың азаюы байқалады ма? Жиында осы сауалдардың түйні тарқатылды.

Басқосуға жолдағы жаяу жүргіншілер қауіпсіздігіне қатысты сауал да қойылды. Жұырда ғана күрделі жөндеуден өткен Мөрәлі Шәменов атындағы көше бойында орналасқан Әл-Фараби атындағы 201 мектеп-лицейінде оқитын оқушылар көп екені анық. Ал сол маңдағы көше бойына жаяу жүргіншілер жолына арналған жолақтардың жоқ екені рас па? Бұндай мәселе аудан тұрғындарының өміріне үлкен қауіп тудырамы анық. Сондықтан осы мәселе тез арада қарастырылып, көшелердегі жаяу жүргіншілерге арналған жолақтарды қайта сызу қажеттігі ескертілді.

Жиында автотұрақтардың аздығы, жол жүру, көлік жүргізу ережелері де қарастырылып, жалпы қоғам қауіпсіздігіне қатысты ұсыныстар айтылды. Одан кейін аудан бойынша медициналық қызмет мәселесі қаралды. Хабарламашы аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Ләззат Карипова атқарылған жұмыстарды тарқатып, көтерілген мәселелердің орынды екенін де жоққа шығармады.

— Қазіргі таңда 32 645 аудан халқына аудандық орталық аурухана, аудандық емхана, 12 дәрігерлік емхана, 2

фельдшерлік-акушерлік бекет, 2 медициналық бекет медициналық қызмет көрсетуде. Оның ішінде 14 жасқа дейінгі бала саны – 10 757, жасөспірімдер – 1723, ересектер саны 20 194 адамды құрады. Быыл 8 айда тәуліктік ауруханаға түскен науқастардың саны 3937-ні құрады. Бұл көрсеткішті бытырғымен салыстырсақ, науқастардың саны 305 жағдайға артаңғанын байқаймыз. Оның себебі бытыр қаңтар айынан бастап реабилитация, яғни қайта оңалту бөлімшесі 20 төсек орын болып жұмыс атқаруда. Статистикалық деректерге сәйкес, бүгінгі таңда есепке алғанда 516 медицина қызметкері жұмыс істейді. Оның 88-і – дәрігер, 428-і орта медицина қызметкері және бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында 52 дәрігер, 157 орта медицина қызметкері жұмыс жасайды. Быыл тамызға дейінгі жағдай бойынша дәрігерлер тапшылығы 9 адамды құрады.

Депутаттар арасында баяндама толық тыңдалып, қызу талқыға түсті. Басты қаралған мәселенің бірі – дәрігерлер тапшылығы. Әр салада тек қана бір дәрігерден болса, жұмыс жасап жатқан дәрігерлер еңбек демалысына кеткенде орнына кім қабылдайды, қарапайым халық сол ауырған күйі дәрігерді күтіп жүруі қажет пе? Нәтижесінде медицина емханасы бітіріп келген жастар аудан емханаларында жұмыс атқарғысы келмейді? Жастарға жағдай жасалмаған ба, әлде расында мамандар жоқ па? Осындай сауалдар халық қалауларының көтерген мәселесіне арқау болды.


Жиында тоқталып өткен тағы бір мәселе УДЗ саласы бойынша ауданда 4 дәрігер жұмыс жасайды. Аппараттар

Ақнұр АДТЫНБЕК

ТАНЫМ

Ахмет Байтұрсынұлының журналистік жолын жалғар уақыт жетті

Қазақ елі ұлт ұстазы деп айрықша құрмет тұтқан алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы аса мәртебелі халықаралық ұйым ЮНЕСКО шешімімен өткен жылы жоғары деңгейде аталып өтті. Бар саналы ғұмырын ұлт жоғын түгендеуге, мың өліп, мың тірілген қаймана қазағының қамын жеп, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, күреспен өткізген, сол арқылы ұлтты сүюдің хас үлгісін көрсеткен аса көрнекті мемлекет нем қоғам қайраткерін қалай ұлықтасақ та жарасады. Әсем қала Алматыда, туып-өскен жерінде ескерткіштер тұрғызылды. Қостанай қаласындағы әуежайға есімі берілді.



Астана қаласында басталған мерейтойлық жиын туған жері – Торғайда, тәуелсіз Қазақстанның бесігі – Алматыда, Түркі дүниесінің рухани астанасы – Түркістанда, ЮНЕСКО ұйымының штаб-пәтері ту тіккен – Париж шаһарында, екі құрылықты алып жатқан рухы биік қала – Стамбұлда жалғасын тапты. Байтағұмыздың түкір-түкірінде жүздеген шара ұйымдастырылды. Мұның бәрі – жақсылықтың бастауы ғана. Патшалық Ресей монархиясы ізіне түсіп, бірнеше қайыра абақтыға жақпамен ұстаған жолынан айныта алмаған, Кеңестік қызыл империя түрмеге тоғтықанды аз көріп, қаскөйлігін асырып, ату жазасына бұйырғанмен ізін де, үнін де өшіруге шамасы жетпеген алып тұлғаның құрмет-даңқы ендігі жерде арқтары-арқан.

Қазақстанның барлық елді мекенінде есімі ардақталып, ауыл аудан ғана емес, мәртебесі биік қалаға аты берілетін күн алда. Тіпті, бір облысқа Ахмет есімін берсек те өден жарасады. Ол күн де туар. Мұның бәрі ұлт мұраты жолында бақылық болған Ахмет Байтұрсынұлына емес, оның өнегелі жолын жалғайтын ұрпақ тәрбиелеу үшін көрек. Сол мақсатта жасалуға тиіс. Осы орайда, тың ой туындамай қоймайды. Ақанды құрметтеудің ең жарқын үлгісі сол болар еді – ұлт ұстазының қазақ елін сақтап қалумен қоса, азат елді көркейтудің жолындағы ұлы мұраттарын күн құрғатпай жүзеге асыру қажеттігі. Ел аузында қанатты сөз болып қалған Ақаң есиеттері өте көп. Бірмен тіліп шығу ұзақ уақытты және көп орын алады.

Төңіздің дәмі тамшысынан білінеді демекші, бір-екуін есіңізге салсақ та, оған көзіңіз айқын жетеді: «Сөзі жоғалған жұрттың тең де жоғалады», «жер мәселесі – алты миллион қазақтың (өткен ғасырдың басындағы санымыз өткенді) тірі, я өлі болу мәселесі», «тарихсыз ел тамырсыз ағаш секілді, құлаға шақ тұрады» деген Ақаң сөздерінің растығын еліміздің тауқыметі мол қилы тағдыры айқындап келеді емес пе? Оған терең талдау жасау – өз алдына жеке өңірме арқауы. Бұл жолғы өңірме етпегіміз – қазақ тәуелсіз журналистиканың теориялық та, тәжірибеге жүзінде де негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының БАҚ-тың қоғамдағы орнын айқындап қана қоймай, оны іс жүзінде асыраудағы өрен өңбегі мен жарқын жолын үлгі етіп ұсыну.

Тегінде, «тарих спиральі секілді өрлеуді» деген тәмсіл рас болып көрінеді. XX ғасыр басы мен ХХІ ғасырдың алғашқы жиырма жылындағы ұқсастықтар соған мәнзейді. Өткен жүзжылдықтың тәбәлдірігінен қазақ қалай қиналып аттаса, мына ғасырдың алғашқы жиырма жылын да ауыр өңсергенің көз алдымызда. Қазіргі шешендісі өршіп тұрған геосаяси жағдай, еліміздің күрделі кезеңді бастан кешіп жататын XX ғасыр басындағы тарихи ахуалды еске түсіреді. Қазақ халқының тағдыр талапы қыл көпірдің үстінде тұрған кезде алаш қайраткерлері шарқ ұрып жол іздегені секілді, бүгін де ел зиялылары Қазақстанның даму жолын айқындау қамында бас қатыруда. Айырмашылығы – ол кезде бодандықта болсақ, қазір азат еліміз. Бірақ бостандық жемісін көрмеген халық көңілі толқулы. Өткен жылғы қаңтар қасіреті – соның айқын айғағы.

Тарихтан сабақ алу – дамыған елдерден үйренетін жол. Қателікті қайталау – ел болашағын қауіп-қатерге байлау. Оған жол беруге болмайды. Осы жерде еліміздің қаңтар қасіретіне ұшырауына себеп болған қателіктерге терең талдау жасап, түсіну арқылы түзетуге қам жасау аса маңызды екенін айтауға болмайды. Ел тәуелсіздігінің алғашқы отыз жылғында қол жеткізген жетістіктерімізбен қоса, жіберілген кемшіліктеріміз де аз еместігі туралы кейінгі бір жылда мәртебелі мінберлерден айтыла бастауы – жақсылықтың бастауы. Бұл туралы мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан халқына үндеулері мен жолдауларында терең талданған, Қазақстанда саяси реформалар мен экономикалық өзгерістер қажеттігі ашық айтыла бастауы халықтың үміт отын тудандырып, көптің көңіліне медет болуда.

Ел Президентінің сайлауалды бағдарламасында айтылған «Мемлекетіміздің қай саласын алып қарасақ та, жүйелі қателіктер жол берілгенін көреміз. Ендігі жерде соларды түзетумен жүйелі түрде айналысамыз» деген

жүреқжарды сөзі Әділетті Қазақстанның басты бағыты болып, іс жүзінде аса игі. Біздің пайымымызша, жіберілген «жүйелі қателіктің» бірі – ел арасында «төртінші билік» аталып кеткен журналистиканың қазіргі мүшкіл жағдайына қатысты. Дамыған елдерде солай болғанмен, Қазақстанда журналистика «төртінші билік» болудан қалғаны қашан. Одан халық қана емес, билік тармақтары да ұтылыста екенін уақыт дәлелдеуде. Бүгінде қазақстандық БАҚ өзінің классикалық функциясын атқара алмай отырғаны жасырын емес. Түсінікті тілмен айтқанда, халық пен билік арасындағы көпір қызметіне қол жеткізе алмауда. Соның салдарынан халықтың сөзі билікке, биліктің сөзі халыққа жетпей, арасы ажырап тұрғаны ашы болса да, шындық. Қазіргі қазақстандық газет-журналдар мен радио және телеарналарды бұқаралық ақпарат құралынан көрі топтық ақпарат құралы десек, шындыққа жанасады. Өйткені миллиондық аудиториясы жоқ баспасөз бен электронды ақпарат құралын қалай бұқаралық дей аламыз? «Олардың аудиториясы неге аз?» деген сұрақ туындайды осы арада. Ол жүйелі зерттеуді, ғылыми талдауды қажет етеді. Өкінішке қарай, онымен айналысып жатқан тірі жан жоқ бізде.

Дамыған елдердің транслүцентті сипатқа ие бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы тапсырысмен аудиторияны зерттеу үшін ғалымдар тобы қызмет етеді. Ал бізде оны ойлап, тәжірибеге енгізуді көздеп отырған БАҚ жоқ. Өйткені оған қаржы қарастырылмаған оларда. Тегін тер төккенге ешкімнің құлқы болмайтындығы бексенеден белгілі. Соның кесірінен бұқарасы жоқ қазақстандық ақпарат құралдары ақпараттық бекседі жеңіліс табуда. Олардың нарықтағы орнын әлеуметтік желілер жаулап алуда. Ал ол еліміз үшін өте қауіпті. Өйткені әлеуметтік желі – қару. Оны ойлап тақандар қазақтың қамын ойлап жасады дейсіз бе? Олардың көкейлерін тескендері – байлық пен билік. Әлеуметтік желінің арғы жағында кім, қандай мақсат көздеп отырғанын біліп болмайсыз. Бұқараны солардың жетегіне жіберу қақырға қой бақтырғанмен бірдей. Кешегі қаңтар қырғыны соны дәлелдеп берді емес пе? Ендеше неге жіберілген қателіктен сабақ алып, оны түзету қамына күн құрғатпай кіріспеске?

Журналистика теориясы мен тарихын зерттеуші ғалым ретінде ұсынатын жолымыз біреу. Ол – мен ойлап тапқан дүние емес, ұлт ұстазы, қазақ тәуелсіз журналистиканың теориясы мен тәжірибесінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының дара жолы. Алаш ардақтысының «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ һәм тіл қандай керек болса, халыққа газет – сондай керек дүние» деген тұжырымын барлық бұқаралық ақпарат құралына қатысты деп қабылдап, құнды пікірге құлақ асатын жаз туды. Мұны ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «халықтың үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымымен үйлестіріп жол деп қарастыруға болады. БАҚ – халықтың көзі, құлағы һәм тілі болса, журналистер соған қызмет етсе, ал билік халықтың үнін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы естіп, БАҚ-тағы сынан шұғыл қорытынды шығарып, нақты шешім қабылдап отырса, онда журналистердің де, биліктің де бұқара алдындағы сенімі мен беделі артып, БАҚ аудиториясы еселеп өсуші еді. Ол өз кезегінде біртіндеп халықтың әлеуметтік желіден БАҚ-қа ауысуына ықпал етіп, дамыған елдердегідей ақпараттық жүйенің қалыптасуына, дәлірек айтқанда, ұлттық ақпараттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жетелейтін жүйе қалыптастырушы еді. Өкінішке қарай, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген 30 жылда БАҚ кімге қызмет етуі керек деген сұраққа жауап берілмей келеді. «БАҚ туралы» заңымыз журналистердің функциясына қатысты бап жоқ. Соның салдарынан БАҚ бұқараға қызмет етпей, байлық пен биліктің қолжаулығына айналып тұрған жайы бар. Журналистердің халық алдындағы құрметі мен беделінің құлдырап бара жатқанының себебі де сол. Ол – елдімізге сың, мемлекетімізге төніп тұрған

қауіп. Өйткені мемлекеттегі әр билік тармағының, соның ішінде «төртінші биліктің» дербестігі мен халыққа толыққанды қызмет етуін қамтамасыз етпесек, онда елде тоқырау болатынын, оның соңы бүліңшілікке ұшырататынын тарих деген дана қарт сабақ етіп келе жатқан жоқ па? Кеңестік қызыл империяның айдың-күннің аманында жалп етіп құлап, «мәңгілік мызғымас» одақтың тарап кетуінің бір сыры сонда жатқаны айтпаса да түсінікті. Алысқа бармай-ақ, кешегі қаңтар қасіретінен сабақ алсақ болар еді ғой. Егер БАҚ халықтың сөзін сөйлеп, сойылын соғып отырғанда ол қасіреттің алдын алып, көп мәселені қан текізбей шешуге болушы еді. Бетін аулақ қылсаң, алда ондай жағдай қайталанбайтынына кім кепіл? Оны болдырмаймыз десек, салдарымен күресуден айрылсақ себебін тауып, қателікті түзетумен айналысқан дұрыс емес пе? Кеңес заманында БАҚ «коллективті үгітші, коллективті насихатшы және коллективті үйымдастырушы» функциясын атқарды. Лениндік методология соны заңдастырды. Кез келген бұқаралық ақпарат құралы коммунистік партияның органы болып құрылды. Сол себепті коммунистік партияның үгітшісі, насихатшысы және үйымдастырушысы қызметін атқарды. Бір партиялық жүйе елді тоқырауға әкеліп тірейтіннен кеңес дәуірі дәлелдеді. Бұдан шығатын қорытынды, БАҚ-тың кімге қызмет етуі керек екенін айқындау маңыздылығы туады.

Қазақстан тәуелсіздігін алысымен осы мәселе шешімін табуы тиіс еді. Бірақ олай болмады. БАҚ-тың функциясы туралы сұраққа осы уақытқа дейін жауап берілмей келеді. Соның салдарынан БАҚ-ты көрінген көк етікті өз мүддесіне пайдалану етек алды. Қойшы көп болса, қой арам өледінің кебін кидік. Атың шықпаса, жер өрте демекші, БАҚ-ты құлдығының құлына айналдырушылар көбейді. Журналистиканың қоғамдағы орнын, жол бастаушылық қасиетің, қоғамдағы күш екенін, соған байланысты жауапкершілік жүгі ауырлығын жетік білмейтіндер БАҚ мәндеріне дейін көтеріліп алды. Өздерінің адысып жүргендеріне қарамастан, елді шатастырушылардың қарасы көбейді. Тіпті, журналистерді арнайы оқытудың қажеті жоқ дейтіндер шықты. Азын-ажай білеген Америкада, көрі құрылқ Еуропада, Азияның алғыы Жапонияда журналистика мамандары арнайы даярланатынынан бейхабар елдіктер еліміздің жоғары оқу орындарындағы журналистік білім беретін кафедралар, бөлім, факультеттерді жауып тастау керектелуде соғатын болды. Ерінбеген еткіші болатын сала журналистика емес екенін олар қайдан білсін? Журналистік жауапкершіліктен жұрдай, оқу-тоқы жоқ, тамыр-таныстықпен жұмысқа тұрып алған, шалажансар сондай қандарға қарап «Журналистік осы ма?» деп түңілу байқалады қоғамда. Мұның арты жақсылыққа апармайды. БАҚ-ты тазартатын, алаш зиялыларының жолын жалғайтын журналистермен қамтамасыз ететін уақыт жетті. Қоғам сондай журналистерге зәру. Біз мамандарды солай даярлауға құлықтымыз.

Үлгі іздесек, алысқа барудың қажеті жоқ. Алаш оқығандарының күш біріктіруімен 1913 жылы Орынборда жарық көрген, алты жылға таяу ғұмырында, шын мәнінде, халықтың көзі, құлағы һәм тілі бола білген, бодан қазақты отып қана қоймай, азаттық жолындағы ұлы күреске бір жұдырық етіп жұмылдыра алған, ұлт етіп ұйыстырып, бұқаралық сананы кемінде елу жыл ілгері оздырған, үстіміздегі жылы 110 жылдығы аталып өтуге тиісті «Қазақ» газеті үлгі етіп, отандық бұқаралық ақпарат құралдарын сол жолға қайта салсақ, тақиямызға тар келмес еді. БАҚ-тың халықты тәрбиелеу, білім берушілік, мәдениет көтерушілік, таным мен талғамды өсіру қызметтері туралы айтсақ, «Қазақ» газеті – дара мектеп. Ахмет Байтұрсынұлының 50 жылдық мерейтойына арнаған ұлысымыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің портретті черккі соған айқын айғақ: «Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір бұын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған

өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шықпалы табалдырығын жаңа аттап, ішіне жаңа кіріп жатыр. Ақаңның бұл істеген қызметі – қазақтың ұзын тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш – мәңгілік ескерткіш. Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің өуендері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдің жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Кемесі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді. Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіпті пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін тұзу жолға беттетеңдігі болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетпейне алып бара жатқанды байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын. Беттен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сөлемдемдей болатын, ел басына келген бөлмені атын білмей, түсін танымаста да, елі мінген еспесі жоқ қайықтың теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың өңкейген көрі, еңбектеген жасына дейін түгілімінен үлі түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желідей шырқытырған өтек-жеңің жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің қаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын жаңырат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйықтаған қазақты айқайлап алған Ақаңның екпіні болатын» деген жолдар сол жайынан сыр шертеді.

Нарықтық экономикаға бейімделу жағынан да Ахмет Байтұрсынұлы бас редакторы болған газет үлгі бола алады. Монархиялық Ресей билігінен бір рубль (сол тұстағы қазақ ақшасы) алмақ тұрмақ, керісінше салығымен осы, бірнеше мәрте айып сомасын өтеп беріп, шаш етектен шығынға батқанына қарамастан, өзін-өзі толық қаржыландыраған, тіпті үстінен табыс тауып, білім құған қазақ жастарына жолжақсымен шежірлік тақысынтөлеп беріп, қамқорлығына алған басылым өнегесін үлгі етіп неге ұстанбақса? Оған көз жеткізу үшін «Қазақ» газеті басқармасы оқырмандарымен жанды байланысты жолға қойған. Әр оқырманының жүргенін жол таба білуі жылдан-жылға таралымының еселеп артуынан анық байқалады. Халық қолдан-қолға асырып, іздеп жүріп оқытыннан көрген кесіпкерлер өз жарнамаларын, түрлі хабарландыруларын соған жариялауға асығуы да табыс көзі болғанын тәңті етеді. Сонымен тоқтап қалмай, «Азамат» серіктігін құрып, қазіргі тілмен айтқанда, Акционерлік қоғам ашып, қосымша инвестиция тартып, қазақ тарихында тұңғыш баспаханна сатып алған тәжірибелерін үйренсек қане? Медиа маркетинг, медиа менеджмент дегеннің хас үлгісін көрсеткен басылымнан үйренеріміз көп. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне көпесек, қорыта айтқанда, халқымыздың XX ғасыр басында айырылып қалған төл атауын қайтару қамында және патшалық Ресей монархиясының бөлшекті де билей бер санасты салдарынан рулық-тайпалық санамен ұланғай, бірі-бірімен жауласып, тоз-тозы шыққан қазақты бір ұлт етіп біріктіру, ұйыту мақсатымен алаш қайраткерлері шығарған «Қазақ» газетінің өнегелі жолын үлгі етіп, отандық журналистиканы жаңғыртатын, дербес әлеуметтік институт, шынайы төртінші билік деңгейіне көтерілген уақыт жетті дегіміз келеді.

Қайрат САҚ,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ
Журналистика және саясаттану
факультетінің деканы,
алатаушы



Құрылыс сапасы жіті назарда

Қызылорда облысы аумағындағы тазалық мәселесі аймақ басшысының күн тәртібінен түскен емес. Сыр өңірінің келбеті іспеттес негізгі жолдардың да таза болуы маңызды. Алта басында аудан әкімі Асқарбек Есжанов аудан аумағындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің тазалық жұмыстарын көрді.

Іс-сапар барысында Аққум, Еңбек, Бұқарбай батыр және Таң ауылдық округтерінің маңында орналасқан аялдамалармен кесіптік нысандардың таза болу қажеттігін айтты. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізінің тазалық жұмыстарын пысықтаған аудан әкімі кент орталығының абадантұры барысымен танысты. Бүгінде орталық алаңдағы тесеніш орналастыратын орындары тегістеу жұмыстары басталған. Аудан басшысы мердігер мекемеге жобаны сапалы әрі жылдам аяқтауды тапсырды.

Сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің негізгі құрылыс жұмыстары аяқталғандықтан, нысанның ішкі жұмыстарын үйлестіру керек екендігін жеткізді.

Биыл Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры есебінен халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 50 тұрғын үй сатып алатын болады. Осы орайда аудан әкімі жеке кәсіпкерлер арқылы аудан орталығынан салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Сонымен қатар осы жылы мамыр айында басталған аспалы көпір құрылысы аудан әкімінің назарынан тыс қалған емес. Аспалы көпір құрылысының бүгінге дейінгі аяқталған жұмыстарымен танысқан Асқарбек Есжанов, халық игілігі үшін жасаған ауқымды жобаны уақытылы аяқтауды тапсырды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыс кестесіне сәйкес жүргізілуде.

Аудан бойынша тазалық жұмыстарымен танысып, бірқатар нысандарды аралаған аудан әкімі іс-сапар барысында тапсырмалардың орындалуын аудан әкімінің аппарат басшысы Ержан Қайнарбаева жүктетті.

«ЖЖ» ақпарат

Хабарландыру

Газ тұтынушылар назарына!

Газ және газбен жабдықтау туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы №532-ІV Заңы және Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 9 қазандағы № 673 бұйрығының талаптарына сәйкес, газ тұтыну жүйелерінің және газ жабдығының иелері олардың тиісті техникалық жай-күйін және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті.

Коммуналдық-тұрмыстық (занды тұлға) және тұрмыстық тұтынушылар (жеке тұлға) тауарлық немесе сүйіт-тылған мұнайгазын беруді жүзеге асыратын газ тарату немесе газ желісі ұйымымен не газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған мамандандырылған тәуелсіз ұйыммен өздеріне тиесілі газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарт жасасуға міндетті.

Газды пайдалану барысында тиісті қауіпсіздік ереже талаптарының сақталмауы салдарынан қайғылы жағдайларға (өрт, авария және газ-ауа қоспасының жылыстауы) әкел соқтыруы мүмкін. Оқис оқиғалардың алдын алу үшін газ жабдықтаушы ұқпты қарап, күнделікті өмірде газды қауіпсіз пайдалану ережелерін сақтау қажет.

аудандық ТҮҚШ, ЖК және АЖ бөлімі,
аудандық ЖЖ шаруашылығы

Қырық күн өтті өзіңіз

Тоғжан құрбымыз сыныпта үздік оқушылардың бірі де бірегейі еді. Иә, қазір оның болмысына тоқталар болсақ, тұтастай естеліміз тек оның жақсы қасиеттеріне арналады. Себебі ол сондай жақсы құрбымыз еді. Тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсіз. Бүгінде достыққа адал айналсаына мейірім үйрілген жүзімен тек қуаныш сыйлайтын Тоғжан құрбымыз ортамызда жоқ.

Тағдардың пешенесіне жазған өлшеулі жұмыры сол шығар, сынаққа сабыр қылмасқа тағы да шара жоқ. Тек асыл құрбымыз жайында өткен шақпен естеліктер айту бізге де оңай соқпаса анық.

Әсембек Тоғжан Нұржігітқызы 1996 жылы 4 қарашада Жалағаш ауданы Ақсу ауылында дүниеге келген. Ауыл мектебінің табалдырығын аттап, білім ошағында бізбен бірге білім алып, жоғары оқу орнында үлкен тәжірибе жинады.

Ол мектеп жасынан спортқа әуес болатын. Оның ішінде күрек күресіне, дзюдоға қабілеті басым еді. Аталған спорт түрінен бірнеше рет дүбірлі додаларда бақ сынап, жүлделі орындардан тебе көрсеткенін достары қалай ұмыта қойды дейсіз. Сол күндердің жылы естеліктері әлі күнге дейін көз алдымызда десек, артық айтқанмыз болмас.

Иә, оның бойындағы қазақ күресіне, дзюдоға деген қызығушылығы, жиған тәжірибесі, қарым-қабілеті спорттан өзін өмірінің соңына дейін алыстатқан жоқ. Жоғары оқу орнын тәмамдаған Тоғжан Әсембек кейін Алматы қаласындағы спорт мектебінің бірінде дзюдо спортына жас өрендерді баулыды. Білікті бапкерден тәлім алған шәкірттері де кейін талай тартысты додаларда жүлделі орындарды иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Ол жүрген жерде тек жетістік, ізденіс, талпыныс болатын. Себебі ол жас та болса осы жолға саналы ғұмырын сарп етті. Қамшының сабындай қысқа өмірде дем-түзы ерте таусылған досымыз жайында айтырлар естелік көп. Зымырап жатқан уақыт деген осы шығар, сіре. Сол ардақты Тоғжанымыздан айырылып қалғанымыздан бері де 40 күн өте шығыпты. Ата-анасының сүйікті қызы, құрбыларының адал досы бола білген Тоғжанды сағынышпен еске алып, рухына қоран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топтарың тұра, иманың жолдас болсын, аяулы дос. Сен біздің жадымызда мәңгі сақталасың.

Қадірін біл деп жатамыз әр күннің, Бүгін тағы жадымызда жаңғырдың, Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, жан досым.

Орындауға асыққандық арманды, Осы жолда бір шарлап бар маңды, Мәнді күндер естелікке айналған, Санамызда жаңғырасың сен мәңгі.

Еске алушылар
сынып жетекшілері, бірге оқыған достары

Өсиет

Тілім менің – тірегім

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні. Мемлекет басшысының сарабал саясатының арқасында тілге қамқорлық жасалып, оның аясын кеңейтуге барлық мүмкіндік қарастырылған. «Рухани жаңғыру тетігі – тіл» десек, рухани жаңғыруды мақсат еткен елімізде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыруда елеулі жұмыстар атқарылып келеді. Осы тұста Қазақстан халқы тілдері күніне орай ауданға белгілі жыршы-термешілердің қатысуымен «Тілім менің – тірегім» атты мерекелік концерт өтті.

Айта кету керек, Тіл мерекесінің 5 қыркүйек болып белгіленуінің де өзіндік себебі бар. Бұл күн – «Ұлттық сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы – тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

Ана тіл тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың өсиетін уран ету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру – біздің басты борышымыз. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі тілді ұлт тірегі десек, сол тілді құрметтеу, ардақтау, қорғау – ең алдымен әрбір қазақтың міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз жұмыла жұмыс жүргізіміз керек. Сондай-ақ тіл үлкен саясаттың құралы екенін де ұмытпаған жөн» деп атап көрсеткен болатын.

Жыр мен терме – ұлттың төл өнері. Бұл мерекелік концерттің басты мақсаты атадан балаға қаймағы бұзылмай жеткен ұлттық өнерді қалың жұртқа баямсыз ұсынуды және дәстүрлі өнерді жастар арасында кеңінен дәріптеу болып табылады. Жыр, терме – бабалар тілегі. Қазақтың ұлттық музыкасы – ұлттың інжу-маржаны. Жалпы, терме – қазақ поэзиясында қалыптасқан лирикалық өлең түрі. Гибраттылық мәні бар моральдық идеялар тұрғысынан әр нәрсені теріп айтып, бір нәрседен екінші нәрсеге ер-

кін ауысып отыру термеге тән қасиет. Ол нақыл сөз үлгісінде құрылып, әдетте өнегелі, нұсқалы сөздердің тізбегінде болып келеді. Бірғақтың құрылысы жағынан жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде айтылады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жедел қарқынмен дами бастады. Терме – қазақпен қатар қарақалпақ, қырғыз, өзбек халық шығармашылығында да тарихи орны бар, жанрлық жағынан Қазақстанның батыс аймағы мен Сыр бойында кеңінен дамыған төл өнер. Халықтық дәстүрлер негізінде терме өнері Қазақстан халқы тілдері күні аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде қайта жаңғырып, жандана түсті.

Жанға рухани азық сыйлар шараны республикалық, халықаралық конкурстардың жүлдегері, танымал жыршы, термеші Марат Сүгірбай жүргізді. Кемейіне бұлбұл ұялаған өнерпаздар мерекелік шарада халық арасында кеңінен танылып жүрген термелерден сыр шертті.

Жалпы біздің қазіргі әдебиетімізде, бүгінгі өнерімізде көңелі бар жатқан өнердің бірі жыр мен терме екені белгілі. Жас ұрпаққа жыр мен термені қайтадан насихаттап, сол ұлық өнерімізді жаңғырту – біздің басты мақсатымыз. Ұлттық дәстүр мен салт-сана тағылымын жастар бойына дарытып, оның жан-жүйесін оятуда дәстүрлі өнердің орны зор. Әсіресе гибраттық мәні бар идеяларды теріп айтатын термешілік өнердің өз биігі, өз тыңдаушысы бар. Шараға біздің аға буын, орта буын, қазіргі жас буын



өкілдері қатысып отыр. Біздің мақсатымыз – осы концерт арқылы жыр-аулық өнердің өшпегенін, оның мәңгі екенін және оның әрі қарай жалғасы бар екенін көрсету, – дейді танымал жыршы, термеші Марат Сүгірбай.

Шараға Әділхан Құлтасов, Нұрлан Нұрбаев, Малика Алдамжарова, Думан Ахметов, Дәулет Төлегенов, Айбек Есжанов, Бақыяр Есжанов пен Жасұлан Көлжасаров сынды бірқатар төл өнерді терге оздырған жыр саңлақтары қатысты. Олардың ішінде аудандық Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі жанынан құрылған «Гибрат» жыр-терме үйірмесінің мүшесі Інжу Сайдұлла да өнер көрсетті. Ол Кете Жүсіптің «Ер жігіт», Турмағанбеттің «Тәлім» термелерін орындап, көпшіліктің көңілінен шықты.

Асыл сөздің маржаны мен терең ойдың тұнығын әуезді өнмен жеткізетін термелік өнер тыңдаушысын адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелейді. Тер-

ме – ата-бабамыздан бізге аманат болып жеткен дәстүрлі өнер.

Халықтың мұң-мұқтажы, ішке бүккен сырларын баяндайтын лирикалық өнер де осы. Термені ұрпақтан-ұрпаққа халық арасында дәріптеу – сіз бен бізге аманат. Расында сөз өнерінің асылы термешілік дәстүрді дамыту арқылы ұлттық рухты асқақатуға болады.

Мерекелік шарада жиылған жұрттың қошеметі мол болды, жырлау қолына домбырасын алып, жырай жөнелгенде асыл сөздің маржанын ұйып тындап, рухани әсер алып, тапжылмай тындаған тыңдарманның көңіл-күйінен осыны аңғарды. Дәстүрлі өнер мен салт-дәстүрді қастер тұтып, баба мұрасын құрметтейтін кемел ұрпақ тәрбиелеуде ұйымдастырылатын шаралар легі жалғасын табады.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Спорт



Еуропа – 2024: Топтық кезеңдегі тартысты ойын

Сейсенбі қазақ футболының жанкүйерлері үшін маңызды күн болды. Өйткені Көрікұрлық біріншілігінің іріктеу кезеңіндегі ойында Қазақстан құрамасы өз алаңында Финляндия құрамасын қабылдады. Иә, ұлттық құрама үшін бұл ойынның оңайға соқпайтыны белгілі болды. Қарсылас команда топтық тізгінін бермей келе жатқан, азулы футболшылардың құрамасы еді.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Магомед Адиевтің пікірінше, Финляндия тактикалық ойынға басымдық береді. Дегенмен Адиев шәкірттері қарсылас команданың ойынын саралап, өз жоспарын түзген. Себебі бас бапкер бұл ойынға бір ай бойы мықты дайындық жүргізген. Негізгі құрамнан Габышев пен Исламхан жарақатына байланысты ойынға қатыса алмады. Дегенмен қалған футболшылар бабында, ойынға сақадай сай. Мәселен, командаға түркиялық «Бешикташ» ойнайтын Бахтияр Зайнутдинов қосылса, шетелдік клубтарда өнер көрсететін Рамазан Оразов, Марат Быстров және Нұралы Әліп те бар.

«Финляндия – қорғаныстан шыға алатын және шабуылда жылдам футбол ойнағанды ұнататын команда. Бірақ олар позициялық шабуылдарға нәміқрайлы қарайды деп айта алмаймын. Қарсыластан тактикалық ойын күтемін. Олардың бапкері команданы жақсы ұйымдастыра білген. Бұл жұмысы құрметке лайық. Дегенмен оларды жеңу үшін біздің жоспарымыз бар. Жігіттер мұны істей алады деп үміттенемін» деп баға берген болатын Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев.

Сөйтіп Астана төріндегі «Астана-арена» алаңында жиналған жергілікті жанкүйерлердің ортасында көптен күткен футбол көші де басталды. Ойын ырығағы баяу басталды, екі команда бір-бірімен бірнеше рет кездескен болса да ойыншылар дереу ашыла қоймады. Осылайша бірінші таймда есеп ашылмады.

Екінші тайм басталғаннан-ақ Қазақстан құрамасы шабуылды жиілетуге тырысты. Алайда финляндиялық футболшылардың шабуылы алғашқы таймдағыдан қауіптірек бола бастады. Ел футболшыларынан гол күткен жергілікті жанкүйерлер демдерін ішінде ұстап, құрамамызға барынша қолдау білдірді. Нәтиже болмағандықтан құрама жаттықтырушысы Магомед Адиев бірқатар ауыс-түйіс жасады, оның ішінде Максим Самородов пен Рамазан Оразовтың алаңға шыққанын айтуға болады.

Десе де «Бап шаба ма, бақ шаба ма» демекші, күтпеген жерден ойынның 78 минутында Финляндия құрамасының ойыншысы Антманн Оливер ұлттық құрама қақпасынан саңылау тауып, ойынның алғашқы голын соқты. Голды суреттейтін болсақ, құрама футболшылары Марат Быстров пен Еркін Тапалов Оливер Антманды мүлт жіберіп алды да, ол өзінің шеберлігімен айып алаңына еніп, Игорь Шацкийді дәл көздеп өтті. Осылайша есеп – 0:1. Қонақтар алға шықты. Қақпаға жіберілген голдан кейін намыстанған қазақстандықтар белсенділік таныта бастады. Өкініштісі, нәтижелі ойынға уақыт жетпеді ме, Қазақстан құрамасы тартысты ойынды жеңіліспен аяқтады.

Ойын соңындағы баспасөз конференцияда бас жаттықтырушы Магомед Адиев ұлттық құраманың Финляндия командасымен ойыны туралы ойын айтты.

– Ұтылдық. Басқа не айтсаңыз? Таблодағы есеп ойынға сай. Бір өтпеген-айы, кездесуді тең аяқтауға болатын еді. Олардың да өз мүмкіндіктері болды, бізде де болды. Ойын кезінде есеп тең болады деген ой келді. Бірақ гол жіберіп алып, өз мүмкіндіктерімізді пайдалана алмадық. Алаңның ортасында қарсыластан басым түсуді қаладық. Кейбір тұстар қолымыздан келді, кейбіреуі келмеді. Тактикалық тұрғыда футболгерді жеңуге ниет болды. Өткен ойынды талдап, Солтүстік Ирландиямен болатын кездесуге жоспар құруымыз керек. Әрине жеңілістен кейін құрамада өзгеріс болады, – деді ол.

Айта кетейік, осы ойын алдында Қазақстан мен Финляндия құрамалары «Н» тобының көшбасшылары болды. Екі команда да төрт ойыннан 9 ұпай жинаса, осы ойыннан кейін Финляндия құрамасы 12 ұпаймен жеке дара көш бастады. Ал ел құрамасы 9 ұпаймен 4 орынға тұрақтады.

Бірақ көңіл түсіретін сәт емес, ұлттық құраманың келесі кезеңге өтуіне мүмкіндік бар. Тек алдағы ойындарда оң нәтиже көрсетіп, қалған қарсыластарынан ұпай алуы қажет. Айта кетейік, 10 қыркүйекте Қазақстан өз алаңында Солтүстік Ирландия құрамасымен кездеседі. Ең бастысы, жанкүйерлер жеңісті күндердің алда екеніне, ұлттық құраманың әлі де үздік ойын өрнегін көрсететініне көміл сенеді.

Жандос ЖАЗКЕН



Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Байқау

Ел іші – өнер кеніші

Халқымыз әлімсақтан отбасы құндылығын бәрінен биік қойған. Өйткені біздің келешегіміз отбасыдан алған тәрбиеден, ата-анамыз бен бауырларымыздан жүрегімізге сіңірген мейірімге байланысты өріледі. Осы орайда Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан халқы жылда жаппай атап өтетін Отбасы күні белгіленді. Осы атаулы мереке аясында ауданда мән-мағынасы зор, отбасылық құндылықтарды насихаттап, гендерлік саясатты жүзеге асыру әлеуметтік жобасы аясында аудандық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен «Танылмай жүрген таланттар» атты аудандық әндер байқауы өтті.

Отбасы – адамзат баласының түп қазығы, алтын ұясы. Жас ұрпақ өкілдеріне отбасында тәрбие беруде ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиенің, халықтық педагогиканың маңызы орасан. Қазақ халқын өзге ұлттардан ерекшелен тұратын да оның отбасынан алған тәлімі мен мейірімі және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан төл өнері, табиғи таланты. Соның ішінде ән-жыр сонау ықылым заманнан бері халқымызбен бірге жасал көп жатыр. Бүгінге дейін киіз үйдің іргесін түріп тастап, айнала отырған алқалы толты ән-жырымен тамсандырған талай талантты көзі көрген аға буындар арамызда бар.

«Ел іші – өнер кеніші» демекші, өнердің нағыз өкілдері ел ішінде. Тасада қалып қойып, көпшілікке танылмай жүрген таланттар көп. Осы тұста аудандық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Танылмай жүрген

таланттар» атты байқаудың да басты мақсаты – осы өнер өкілдерін сахнаға шығарып, есімдерін елге таныстыру.

Орамал тағу – салт-дәстүрдің бірі. Әжелер әрқашан басынан ақ жаулығын, ал аналар орамалын тастамаған. Кешегі же-әпаларымыз ақ жаулықты құрметтеп, әдебин сақтай біліп, ұлттық болмысын ұмытпаған.

Байқау барысында аудандық әйелдер кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрайымы Роза Ералиева қатысушыларға қазақ әйелдері үшін құнды да бағалы дүние ақ орамалды сыйға тартып, шараның маңыздылығына тоқталды.

Отбасы құндылықтарын өскелең ұрпақтың жадына сіңіру, халқымыздың бай салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын дәріптейтін әндерді жаңғырту, қоғамның отбасыға деген құрметін нығайту мақсатында өтіп жатқан шараға өзіндік отбасылық жұмыстарымен қатар өнерді де алып жүрген қатысушыларға алғысымды



білдіремін. Жарыс болған жерде әрине жеңіс пен жеңіліс те болады. Десек те мен үшін қатысушылардың барлығы бірінші орынға лайықты деп есептеймін. Танылмай жүрген таланттар өсімі көпке өнермен танылып, көбейе берсін. Ауданда алғаш рет ұйымдастырылып жатқан бүгінгі шара алдағы уақытта жалғасын таба берсін деді. – Роза Көшекбайқызы.

Байқауға ауданға қарасты ауылдардан өнер десе ішкен асын жерге қойған жаны жайсаң, пейілі кең 9 өнерпаз қатысты. Байқаудың талаптары мен шарттарына сәйкес қатысушы үміткерлер жасына шектеу қойылған жоқ. Сондай-ақ қатысушылар екі кезең бойынша сынға түсіп, халық әндерін орындап, дәріптеді.

Байқауға мәдениет саласының ардагері, ҚР Мәдениет қайраткері Роза Боранбаева, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бибиася Дүйсенбиева мен Ақсу ауылдық клубының меңгерушісі Маржан Қанбаева қазылық етті.

«Жүйріктен жүйрік озар жарысқа» демекші, тек жүйріктер мен үздіктер қатысқан бүгінгі сайысымыз өз мәресіне жетті. Жарыс болған жерде жеңіс те, жеңіліс те қатар жүреді. Бүгінгі сайыс өте жоғары деңгейде өтті. Біз қатысушылардың ән айту

шеберліктерінен бөлек киім үлгісіне де мән бердік. Барлық қатысушы үлкен дайындықпен келген. Осы тұста мен ерекше атап өткім келетіні, Ақсу ауылынан келген қатысушымыз Айда Мінайдардың киім үлгісі, сахнада өзін еркін ұстауы ерекше ұнады. Мен бұл қатысушының халқының мақтанышына айналған ән падишасы, Қазақстанның халық әртісі Роза Бағлановаға ұқсастым. Осы байқауды ұйымдастырған ұйымдастырушылар мен қатысушыларға алғысым шексіз. Денсаулықтарыңыз мықты, отбасыларыңыз аман болсын. Жақсылықта жүздесейік, деді. – қазылар алқасының төрағасы Роза Боранбаева.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі ІІІ орынды Бұқарбай Батыр ауылынан келген өнерпаз Надежда Садықова мен Мәдениет ауылының қатысушысы Гүлзира Дүйсенбаева иеленді. Жүлделі ІІ орынды Есет Батыр ауылының қатысушысы Жайнар Әденова иеленіп, Аққум ауылының өнерпазы Ботакөз Көрібаева жүлделі І орынды жеңіп алды.

Ел ішіндегі танылмай жүрген таланттарды іздеп, көрермен көпшілікке таныстыру мақсатындағы игі шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.



Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорытындысы бойынша 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. «Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады. Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттерліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісес 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1426